

## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК – ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

**Аңдатпа.** Аталмыш мақалада бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық саладағы жаңа бағыттардың бірі болып отырған әлеуметтік кәсіпкерліктің ішкі табиғаты, қалыптасу кезеңдері, ерекшеліктері талдана отырып, оның шет мемлекеттердегі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешудегі ықпалы қандай болғандығы, бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму деңгейі, жай-күйі жан-жақты сипатталады.

**Тірек сөздер:** мемлекет, әлеуметтік кәсіпкерлік, қоғамдық ұйымдар, аз қамтылған отбасылар, әлеуметтік мәселелер

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль социального предпринимательства как одного из основных факторов повышения эффективности и усиления адресности социальной политики, текущее состояние данного тренда в Республике Казахстан. Анализируется зарубежный опыт развития социального предпринимательства и вносятся конкретные предложения и рекомендации по вопросам развития данного направления.

**Ключевые слова:** государство, социальное предпринимательство, общественные организации, малообеспеченные семьи, социальные проблемы

**Annotation.** This article examines the role of social entrepreneurship as one of the main factors for improving efficiency and targeting of social policy and current state of this trend in the Republic of Kazakhstan. It analyzes the foreign experience of development of social entrepreneurship and has made specific proposals and recommendations for development of this direction.

**Keywords:** state, social entrepreneurship, social organizations, low-income families, social problems

**ҚҰСАЙЫН ЕРЛАН  
БЕЙСЕМБАЙҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі «Мемлекеттік менеджмент» мамандығы бойынша 1-курс магистранты

**СУРАУБАЕВ ДАРХАН  
РАМАЗАНҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі «Мемлекеттік менеджмент» мамандығы бойынша 1-курс магистранты

*Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы.  
Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі.  
Н. Назарбаев*

Қай заманда да халықтың бай, қуатты ғұмыр кешуі кез келген мемлекеттің тұрақтылығының, баянды болашағының кепілі болғаны белгілі. Бұл – өзгерте алмайтын өмірдің шындығы, айналып өте алмайтын ақиқат аксиома. Ал, енді осынау ұлы мақсатқа, межелі міндетке қол жеткізу тұрғысынан әрбір мемлекет, әрбір ел өзінің сара жолын таңдайды. Азаттық таңы атқан алғашқы күндерден бастап егемен еліміздің тізгінін

ұстаған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та «алдымен – экономика, сосын – саясат» деген қағиданы ұстанғандағы көздеген мақсаты да елдің ішкі тұрақтылығы, бақуаттылығы болатын. Бұл қағиданың дұрыс, алған бағытымыздың тура екендігін бүгінде өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Осынау ширек ғасыр ішінде тәуелсіз Қазақстан экономикасы тұрақты, қай жағынан алып қарамасаң да қуатты, әлем таныған айбынды мемлекетке

айналды. Ел егемендігін алған кезеңнен бергі өткен тарихи өлшеммен алғандағы қас қағым сәттей жиырма бес жылда жас мемлекетіміз небір сын сағаттарды басынан кешіріп, дүние жүзін дүрбелеңге салған дағдарыстарды басынан өткерді. Жай ғана өткеріп қоймай, шырғалаң шақтардан шынығып шықты. Бір айрықша атап өтері қай кезеңде болмасын Мемлекет басшысы халықтың тұрмыс жағдайын, әл-ауқатын арттыру мәселесін бәрінен жоғары қойды, бар күш-жігерін сол жолға сарп етті. Жыл сайынғы әрбір Жолдауының алтын арқауы, асыл діңгегі – елдің әлеуметтік жағдайы, білім мен мәдениет, ғылым мен жастар саясаты сынды салалардың дамуына, әлеуметтік аз қамтылған топтарға арналған төлемдердің көлемін қандай қиыншылықта да төмендетпеу, тіпті оны жылдан жылға арттырып отыру – Елбасы саясатының басым бағыты болғанын білеміз. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды. Жаһандану дәуірі бүгінгі күні әлемнің азуын айға білеген алпауыт елдерінің өзін тығырыққа тіреп, өздерінің ішкі, сыртқы саяси бағыттарын қайта қарап, тіпті түбегейлі өзгертуге мәжбүрлеп отыр. Осы орайда Қазақстанның да ішкі әлеуметтік-экономикалық өмірінде де үлкен өзгерістер орын алғаны белгілі. Атап айтқанда, 2012 жылдың соңында «Қазақстан-2050» Стратегиясы жарияланды, Жалпыға ортақ еңбек қоғамына 20 қадам мақаласында аса өзекті мәселелерді қадап айтты. Сондай-ақ өткен жылы ел Президентінің бес институционалдық реформасын жүзеге асыру бойынша Ұлт жоспары қабылданып, бүгінгі күні оны нақты іске асыру кезеңі басталып та кетті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясының басым бағыттарының бірі, әлбетте жаңа әлеуметтік саясаттың негізгі қағидаттары болып табылады. Біріншіден, мемлекет, әсіресе, жаһандық дағдарыс жағдайында, азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт көпілдігін беруі тиіс. Басты міндет – кедейшіліктің өсуіне жол бермеу. Кедейшілік ешбір қазақстандық үшін әлеуметтік перспективаға айналмауы керек. Біз өз азаматтарымыз үшін экономика мен бюджеттің өсіміне тікелей тәуелді болатын ең

төменгі әлеуметтік стандарттар мен көпілдіктер белгілеуіміз керек. Екіншіден, мемлекет әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетуі тиіс» деді Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев [1].

Бұл принциптер негізінен Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылғы Рио-де-Жанейрода өткен конференциясында қабылданған декларациясында, кейін 2000 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Мыңжылдықтар декларациясында» [2] және Тұрақты дамудың мақсаттары стратегиясында айтылған жаһандық ауқымдағы мақсат-міндеттермен сабақтасып жатқандығын айқын аңғаруға болады.

Әрине, кедейшілікті барынша төмендету, мұқтаж жандардың әлеуметтік проблемаларын шешу, жалпы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесі тәуелсіздік таңы атқан алғашқы жылдардан-ақ мемлекеттік саясаттың басым бағыты болғаны белгілі. Ел дамуында «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» қағидатын ұстанудың негізгі себебі де осында жатыр. Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде қандай қиыншылық кезеңдерде де әлеуметтік салаға бөлінетін қаражат көлемі көбеймесе азайған жоқ. Төрткүл дүниені дүрбелеңге салған дағдарыстардың кезінде де жаңа өндіріс орындары ашылып, жаңа жұмыс орындары құрылды. Әлеуметтік төлемақылар, зейнетақы, бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы біртіндеп өсіріліп келеді. Мемлекет дамуында жеткен жетістігімізді екшеп, електен өткізіп, кемшілігімізді көрсетіп беруде аса маңызды рөл атқарып келе жатқан Елбасы Жолдауларында да халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік салаға аса айрықша назар аударылып отырады. «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің Жол картасы», «Өңірлерді дамыту» сынды мемлекеттік бағдарламалар, жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. Нәтижесі де жоқ емес.

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми мәліметіне сүйенер болсақ, тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда кедейшілік деңгейі 17 есеге азайған. 2001–2015 жылдары

аралығында азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша кешенді іс-шаралардың нәтижесінде табысы күнкөрістің шекті деңгейінен төмен халықтың үлесі 46,7%-дан 2,7%-ға төмендеді. Бұл көрсеткіш кедейшілік деңгейінің төмендеп, қазақстандықтардың әлауқатының артқандығын аңғартады [3].

Қазақстанда соңғы 20 жылда (1996 жылдан 2015 жыл аралығында) азаматтық қызметшілердің еңбекақысы 4 мың 813 теңгеден 84 мың 722 теңгеге дейін, яғни 17,6 есеге артты. Осы жылдары бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы бірнеше мәрте өсірілді: 2006 жылы – 32%; 2007 – 30%; 2009 бен 2010 жылдары – 25%, 2011 жылы 30%-ға артты [3].

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында азаматтық қызметшілердің еңбекақысы біліктілігіне қарай денсаулық сақтау саласында 7%-дан 28%-ға дейін, білім беру саласында 15%-дан 29%-ға дейін, өзге салаларда 28%-дан 40%-ға дейін арттырылды. 1999 жылдан 2015 жылға дейін Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 2,7 есеге төмендеп, 5%-ды құрады (1999 жылы – 13,5%), жұмыссыз тұрғындар саны 950 мыңнан (1999 жыл) 451,1 мыңға дейін азайды (2015 жыл) [3].

2002 жылы түрлі себептерге байланысты (денсаулық жағдайы, жасы, жұмыстың болмауы т.б.) қалыпты тіршілікті қамтамасыз етуде қиыншылықтарға тап болған азаматтарға көмек көрсету мақсатында «Мемлекеттік нысаналы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сондай-ақ нысаналы көмектің басым бөлігі балаларға арналғандықтан Қазақстан Республикасының «Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңына сәйкес 2006 жылдың 1 қаңтарынан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы жәрдемақы төлемі енгізілді. Осының нәтижесінде атаулы әлеуметтік жәрдемақы алатындар саны 30,9

(2002 жылғы 1,18 млн. адамнан 2015 жылы 38,2 мың адамға) қысқарды [3].

Сонымен қатар 1997 жылдан бері аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету мақсатында коммуналдық төлемақы төлеуге тұрғын үй көмегі енгізілді. Аталмыш көмектің көлемін белгілеу жергілікті уәкілетті органдардың құзырына берілді.

1999 жылдан 2015 жылдар аралығында Қазақстанда (солидарная) зейнетақының орташа көлемі 9,4 есеге артты. Атап айтқанда, 1999 жылы орташа көлемі 4 мың 179 теңгені құраса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 39 мың 379 теңгені құрады.

1999–2015 жылдар аралығында республикалық бюджеттен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлем шығыны 6,9 есеге артып, 25,8-ден 177,5 млрд. теңгеге артты. Осы аталған мерзім ішінде мүгедектік бойынша берілетін жәрдемақы 7,3 есеге артып, 3 106 теңгеден 22 710 теңгеге дейін артты [3].

Осының бәрі, түптеп келгенде ай сайынғы табыс көлемі белгілі деңгейден төмен аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің механизмдері болып табылады. Біз тек әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік жүйенің аз ғана бөлігін қамтыдық. Соның өзінен байқағанымыздай халықтың әл-ауқатын жақсарту, тұрмыс-тіршілігін түзеуге бағытталған жұмыстар аз емес.

Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды. Бүгінгі тез өзгермелі сипатқа ие жаһандану дәуірі жас мемлекетіміздің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай Елбасымыз Қазақстан – 2050 стратегиясын жариялап, ел дамуының жаңа бағыттарын белгілеп берді. Әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу туралы аса амбициялық міндетті қойды. Оның ішінде жаңа әлеуметтік саясаттың жасампаз принциптерін атап көрсетті. Олар кедейшілік деңгейін барынша төмендету, «масылдық» психологиясынан арылу, әлеуметтік көмектің нысаналылығын күшейту, еңбекке жарамды азаматтарды жұмыспен қамту арқылы отбасы кірісін

арттыру сынды межелі міндеттерді жүзеге асыру.

Осы орайда мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің нысаналылығын арттыру мақсатында 2014 жылдан аз қамтылған отбасыларға шартты ақшалай көмек көрсетуге негізделген «Өрлеу» жобасы жүзеге асырылып келеді. Жобаны жүзеге асыру оған қатысушылардың орташа табысын 2 еседен аса арттыруға, еңбекке қабілетті жандардың шамамен 90% жұмыспен қамту шараларына тартуға, бүкіл еліміз бойынша АӘК пен 18 жасқа дейінгі балаларына жәрдемақы алушылар саны тиісінше 31,8% және 2,1% азайды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында берілген жұмыссыздықпен күрес жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында азаматтарды еңбекпен қамту, жұмыс орындарын сақтау бойынша нақты кешенді іс-шаралар атқарылып келе жатқандығын аңғаруға болады. Атап айтқанда, 2015 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 156 мыңға тарта адам жұмыспен қамтылды, оның 142,3 мың адамы тұрақты жұмысқа орналастырылды. Міне, осындай жүйелі жұмыстар негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақты өсімі, халықтың экономикалық белсенділігінің артуы, жұмыспен қамтудың, азаматтардың табыс көлемінің артуы кедейшілік деңгейінің едәуір төмендеуіне алып келді.

Дей тұрғанмен, әлі де болса шешімін таппаған мәселелер де аз емес. Өсіресе осы әлеуметтік аз қамтылған топтарға қолдау көрсету, оларды жұмыспен қамту, қордаланып қалған тұрмыстық түйткілді мәселелерін шешу бағытында атқарылатын жұмыстар жетерлік. Міне, осы тұрғыда әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешу, жұмыспен қамту сынды аса өзекті мәселелерін шешудің бірден-бір оңтайлы жолы – әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту дер едік. Әрине, бұл егемен еліміз үшін әлеуметтік саладағы, жалпы қоғам өміріндегі әлі түрен түспеген тың дүние, соны соқпақ. Көп

жағдайларда, ірі кәсіпорындардың қайырымдылық шаралары, әлеуметтік осал топтарға жұмыс орындарын ұсынып, тұрмысы төмен отбасыларға көрсеткен қамқорлығы төңірегіндегі іс-шаралармен шектелетін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін осы әлеуметтік кәсіпкерлікпен шатастырып алып жатамыз. Ал, шындығына келгенде әлеуметтік кәсіпкерлік қоғам өміріндегі аса бір өзекті мәселелерді, толғағы жетіп, толқып тұрған шетін сұрақтарды шешумен айналысатын қайырымдылық пен кәсіпкерліктің қосындысынан туған жаңа бір бағыт дегеніміз дұрыс.

Міне, осы тың саланың қоғам өміріндегі алатын орны қандай, жалпы осы ұғымның өзін біз қаншалықты терең түсініп жүрміз, олар қандай кәсіп иелері, нендей шаруалармен айналысады, ел дамуына ықпалы қандай деген сұрақтарға осы шағын жұмысымыздың барысында жауап іздейтін боламыз.

Жалпы, әлеуметтік кәсіпкерлік («social entrepreneurship») терминінің шығу тәркісіне зер салатын болсақ алдымен кәсіпкерлік деген ұғымды жіліктеп алу керек. XIX ғасырда өмір сүрген Жан Батист Сэй «кәсіпкер экономикалық ресурстарды төменгі деңгейден жоғарыға ауыстыра алатын адам» деп анықтама берсе [4], жүз жыл кейін австриялық экономист Иозеф Шумпетер «кәсіпкер – экономикалық прогрестің қозғаушы күші, ол болмаса экономика бір орында тапжылмай, дамымай қалар еді» деген пікірін көлденең тартады [5]. Ал, П. Друкердің пікірі бойынша, «кәсіпкер үнемі өзгерістерді іздеу үстінде болады, оларды мүмкіндік ретінде пайдалана біледі» деп баға береді [6].

Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкер нарықтағы өзгерістерді көрегендікпен болжап тани білетін, жаңа мүмкіндіктерді қалт жібермей пайдалана отырып, әрбір бастаған ісінен пайда табуға ұмтылатын тәуекелшіл жандар. Классикалық тұрғыдан қарағанда кәсіпкерліктің түп мақсаты – пайда табу, табыс кіргізу. Ал, әлеуметтік кәсіпкердің одан қандай айырмашылығы бар? Біздің ойымызша, басты айырмашылығы – олардың алдына қойған мақсатында, қасиет тұтар құндылықтарында жатыр. Әлеуметтік кәсіпкерді, ең алдымен

қоғамның сырқат тұстарын емдейтін емі шипа, демі дәру дәрігеріне теңеуге болады. Оларды өзгелер түйінін шеше алмаған проблемалық мәселелерді өз мойнына алып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, қалай болғанда сол түйткілдің түйінін ағытып, талайлардың алғысын арқалап жүрген абзал жандарға балар едім. Бұл шынында да солай. Сөзіміз құрғақ болмас үшін бірер мысал келтірейік.

Әлеуметтік кәсіпкерлік термині алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарында Ұлыбританияда қолданыла бастаған екен. Дегенмен қоғам өміріне дендей еніп, жаппай етек алып, қанат жайған кезеңі осы өткен ғасырдың 70-80 жылдарына келеді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің бастауында тұрған адамзат тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі – Уильям Дрейтон. 1980 жылы ол «Ашока: қоғам жаңашылдары» [Ashoka Foundation, [www.ashoka.org](http://www.ashoka.org)] қорын құрып, әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдірген ұйымдарға кәсіби және қаржылай көмек бере бастады. Бүгінде аталмыш қор әлеуметтік жаңашыл идеяларға жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатқан дүниежүзілік ауқымдағы іргелі ұйымға айналды. Әлемнің 60-тан аса елдерінде қызмет көрсетіп, 2000-ға тарта кәсіпкерге нақты қолдау жасады.

Әлеуметтік бизнестің тарихында есімі алтын әріптермен жазылып қалған тағы бір айтулы тұлғалардың бірі – Майкл Янг (лорд Янг Дартингтонский). Ол әлеуметтік бағыттағы кәсіпорындарды құрып қана қоймай, осы саланың негіздерін оқытуға айрықша күш салып, соның нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерліктің тұтастай мектептері дүниеге келді. Атап айтқанда, тұтынушылардың ұлттық кеңесі, әлеуметтік кәсіпкерлер мектебі, үшінші мыңжылдық университеті, өнердің ашық колледжі, қоғамдастықтарды зерттеу институты, кеңес беру орталығы, халықаралық қосымша білім берудің қашықтықтан оқыту колледжі және т.б. әлеуметтік кәсіпкерліктің сан қырлы салаларын оқытуға арналған орталықтар ашып, өлшеусіз үлес қосты.

Осындай әлеуметтік кәсіпкерліктің көрнекті өкілдерінің бірі – экономикалық даму

және оның негізін қалаудағы еңбегі үшін 2006 жылы Нобель сыйлығына ие болған Мұхаммед Юнус. Юнус құрған Грамин-банк (Grameen Bank) экономикасы құлдыраған Бангладештің кедейлік пен жоқшылық қамытын қатар киген мыңдаған отбасыларын туралап келген ажалдан құтқарды. Банк кедей тұрғындарға ешбір құжатсыз, тек «қайтарып берем» деген уәдесінің негізінде несие бере бастады. Бір қызығы, әлгі тұрғындар да айтқан сертінен танбай келісілген күні алған қарызын қайтарып отырды. Міне, алғашқы адымдарын осылай бастаған Грамин-банк күні бүгінге дейін сол ұстанымынан ауытқымай, қаншама мыңдаған адамдардың өмірге деген көзқарастарын өзгертіп, құлдық қамытынан құтылуына себепкер болып келеді.

Сол сияқты көршілес Ресей мемлекетінде де әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселесі күн тәртібіне тұрақты түрде қойылып келе жатқандығына нақты мысалдар келтіруге болады. 2007 жылы белгілі миллиардер В. Алекперовтың қолдауымен «Наше будущее» өңірлік әлеуметтік бағдарламалар қоры құрылғалы бері әлеуметтік бизнестің көсегесі көгеріп, тасы өрге домалай бастады. Жыл сайын аталмыш ұйым әлеуметтік жобалардың жалпы ресейлік конкурсын өткізіп, нәтижесі бойынша ұзақмерзімді пайызсыз несиелер беріп отырады. Осы жылдар ішінде қор жүзден аса кәсіпорынға қолдау көрсетіп, жалпы көлемі 300 миллион рубльге тарта қаражат бөлді. Әрине, бұдан бөлек мысалдарды да ондап, жүздеп келтіре беруге болады.

Түптеп келгенде әлеуметтік кәсіпкерліктің түпкі мақсаты – қоршаған ортасын шама-шарқынша өзгерту, қоғамға пайдалы іс тындыру, мұқтаж жандарға көмек, қолдау көрсету тағы да басқа игі іс-шараларға мұрындық болу. Жай ғана бір реттік науқаншыл қайырымдылық емес, тұрақты түрде бизнесті жүргізу арқылы әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады.

Оның негізгі шарттары: әлеуметтік ықпалы, инновациялық, жобаның тираждалуы және ауқымдылығы, қаржылық тұрақтылығы. Әлеуметтік кәсіпкерлік тек

әлеуметтік қызмет көрсететін кәсіпорын немесе әлеуметтік белсенді ұйым емес, бұл толыққанды кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын, түскен табысын сол алған бағытын дамытуға жұмсайтын жеке тұлға ия ұйым. Қызмет көрсету аясы да сан алуан, белгілі бір тауар өндіруден бастап, әлеуметтік қызмет көрсетулер, білім беру үрдісін ұйымдастыруға дейінгі аралықта сан қырлы жұмыс түрлерімен айналысады. Әрбір әлеуметтік кәсіпкер белгілі бір дәрежеде тек өзі не отбасының ғана қамы үшін емес, тұтастай бір әлеуметтік топтың қамы үшін еңбек жасайтын альтруист адамдар болып келеді. Белгілі профессор Грегори Дииз өзінің «Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні» атты әлеуметтік кәсіпкерлерді «қоғамдағы өзгерістердің өкілі» атап, «жалпы адамзат игілігіне қызмет қылатын, жаңалықтың жаршысы» деген биік бағасын береді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік жайлы түсінігіміз толық болу үшін төмендегі халықаралық беделді ұйымдардың берген анықтамаларын да келтіре кеткеніміз жөн болар. Сонымен, Schwab Foundation:

«Әлеуметтік кәсіпкерлік:

- қоғам игілігі жолында практикалық, жаңашыл және тұрақты әдістерді қолданады;
- экономикалық және әлеуметтік мәселелерге бірегей қырынан келу;

Әлеуметтік кәсіпкер – прагматик, ауқымды, жүйелі және тұрақты әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге ұмтылады. Олар бюрократизмге төзбейді, өзгерістерді де күтіп отырмайды, олар оны өздері жасайды».

The Social Enterprise Coalition:

«Әлеуметтік кәсіпорын – әлеуметтік мақсатты көздейтін, осы саладағы тұрақты өзгерістерге қол жеткізу үшін жұмыс жасайтын қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындар».

Social Enterprise London:

«Әлеуметтік кәсіпорындар – негізінен әлеуметтік мақсаттарды көздейтін бизнес, олардың тапқан табысы осы мақсаттарына қайыра жұмсалады, акционерлер мен бизнес иелерінің қалтасына құйылмайды».

Сондай-ақ осынау ағымның бастауында тұрған «Ашока» компаниясының негізін қалаушы Билл Дрейтон [Ashoka Foundation,

www.ashoka.org] былай деп анықтама береді: «Әлеуметтік кәсіпкерлер адамға тек балық қана беріп немесе оны аулауды ғана үйретіп қоюмен шектеліп қалмайды. Олар бүкіл балық шаруашылығын түбегейлі өзгертіп жібермейінше тыным таппайды...» Біздің ойымызша, осы сөздер әлеуметтік кәсіпкердің барлық ішкі-сыртқы сипатын дәлме-дәл беріп тұрғандай. Хош, сонымен әлеуметтік кәсіпкерліктің арғы-бергі тарихына көз жүгіртіп, өткеніне үңілдік. Елге тигізер пайдасы мол, берері көп бағыт екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Әсіресе, тағдырдың талайымен түрлі қиыншылықтарға тап болып, есін жия алмай жүрген жандардың еңсесін тіктеуіне зор ықпалын тигізетін сала екенін түрлі мысалдармен аңғартуға тырыстық. Дегенмен өкінішке орай біздің елімізде аталмыш сала аса қарқынды дамып келе жатыр деп айта алмаймыз. Бірақ жасалып жатқан жұмыстар да жоқ емес. Бүгінгі күні ел заңнамасында әлеуметтік салада еңбек етіп жүрген кәсіпорындарға жеңілдіктер қарастырылған, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту бойынша үш пайыздық квота да белгіленді. Жыл сайын әлеуметтік үздік жобалардың республикалық конкурсы өткізіліп тұрады. Бүгінгі күні бүкіл еліміз бойынша жүзден аса әлеуметтік кәсіпкерлер өз жобаларын жүйелі жүзеге асыруда. Алайда бұл аталмыш саланың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін жеткіліксіз екені рас. Сондықтан да жағдайды түзеу үшін ең алдымен, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік тұрғыда көңіл аударылып, төмендегі шараларды жедел түрде кең ауқымда қолға алу қажет деген ойдамыз.

Біріншіден, барлық бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүрген жандардың еңбегін, жалпы осы саланың артықшылықтары мен қол жеткізген табыстарын, олардың көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілетті екендігін ел арасында кеңінен насихаттау қажет. Арнайы интернет-сайттар, порталдар ашылып, онда әлеуметтік жобалардың тізбесі салынып, осы саладағы жағымды жаңалықтар қоғамға жеткізіп отырылуы тиіс. Осы орайда бүгінгі күні шағын

және орта бизнестің дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының потенциалын, ішкі ресурстарын пайдаланған жөн сияқты. Аталмыш ұйымның еліміздің барлық қалалары мен аудандарында филиалдары жұмыс істеп тұр. Кәсіпкерлік саласында өз ісін бастаймын деген азаматтарға кеңес беру мақсатында құрған орталықтары бар. Міне, осыларды әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағыттасақ жұмыс шапшаңырақ жүрген болар еді. Екіншіден, қандай игі іс болмасын заңдық тұрғыда қамтамасыз етілмесе жетістікке жете алмасы белгілі. Сондықтан да әлеуметтік кәсіпкер ұғымына нормативтік-құқықтық тұрғыда тиісті анықтама беріліп, шағын және орта бизнес саласына қатысты заңнамаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі тиіс. Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындарға салықтық және өзге жеңілдіктер қарастыру керек.

Үшіншіден, осы жұмыстардың барлығын үйлестіріп, кешенді түрде ұйымдастыру үшін мүдделі мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен және сарапшы мамандардан құрылған арнайы жұмыс тобы құрылуы тиіс.

Төртіншіден, алдағы уақытта жоғары оқу орындарында «Әлеуметтік кәсіпкер»

мамандығына оқыту да қолға алынса игі істердің бірі болар еді. Себебі, осы іспен айналысамын деген жігерлі жастарды мектеп қабырғасынан бастап дайындап, жоғары оқу орындарында арнайы мамандық ретінде оқытқаннан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық.

Міне, әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымына мүмкіндігінше мол мағлұмат беріп, оның өткен тарихы мен бүгініне, миссиясы мен мән-маңызына тереңірек үңілуге тырыстық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Мемлекет басшысының тәуелсіз елімізді әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына қосу, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында берген тапсырмаларын әлеуметтік салада нақты жүзеге асырудың, оның ішінде жаңа әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру және нысаналылығын күшейту принциптерін іске асырудың аса бір пәрменді тетіктерінің бірі – осы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту.

Алдағы жұмыстарымызда аталмыш саланы елімізде кеңінен дамыту, ақпараттық жұмыстар жүргізу, әлеуметтік кәсіпкерліктің кең өріс алуына кедергі келтіріп отырған мәселелерді қарастыру және өзге де қырларын тереңірек қарастыратын боламыз.

---

#### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жыл, 14 желтоқсан
  2. БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Мыңжылдықтар декларациясы» URL: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N00/559/53/PDF/N0055953.pdf?OpenElement>
  3. Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты мәліметтері URL: <http://www.mzsr.gov.kz/ru/taxonomy/term/780>
  4. Грегори Дж. Дис. Значение социального предпринимательства. М., 2001. URL: <http://www.fuqua.duke.edu/centers/case/documents>
  5. Шумпетер Й. Капитализм, социализм и демократия: Пер. с англ. / Предисл. и общ. ред. В.С. Автономова. М.: Экономика, 1995. 540 с
  6. Drucker P. Innovation and Entrepreneurship: Practice and Principles (1985). Русскоязычное издание: Бизнес и инновации. М.: Вильямс, 2007. 432 с.
-